

Сарысу ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 243 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 5137 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2-тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 91963 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Сарысу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Сарысу ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. "Сарысу ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 236 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4753 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының Жамбыл облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарысу ауданының әкімі

С. Мамытов

Сарысу ауданының әкімі 2023 жылғы
11 желтоқсандағы № 243 қаулысына
қосымша

Сарысу ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

| № | Стационарлық емес сауда объектілерін | Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда | Қызмет саласы |
|---|--------------------------------------|--|---------------|
| | | | |

| | орналастыру орындары | Алып жатқан аланы, шаршы метр | объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері) | | Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл |
|----|--|-------------------------------|--|---|---|
| 1 | Жаңатас қаласы, 2 шағын ауданында №26 үйдің алды | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 2 | Жаңатас қаласы, 6 шағын ауданында №22 тұрғын үйдің жанында | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 3 | Жаңатас қаласы, №0-1943 балалар ойын алаңының жанында | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 4 | Жаңатас қаласы, А Қ "Қазақтелеком" ғимаратының алдында | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 5 | Жаңатас қаласы, А Қ "Қазақтелеком" ғимаратының алдында | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 6 | Жаңатас қаласы, Бейбітшілік және С.Мұқанов көшелерінің қиылысы | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 7 | Жаңатас қаласы, "ШАХ" сұлулық салоны жанында | 24 | "Шах" сұлулық салоны | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 8 | Жаңатас қаласы, 3 шағын ауданы, №25/20 үйдің алдында | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 9 | Жаңатас қаласы, Қажымұқан және Цветочная көшелерінің қиылысы | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 10 | Жаңатас қаласы, Абылайхан мектеп-лицейінің алдында | 24 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|-----|---|-------|---------------------------|---|---|
| 11. | Байқадам ауылдық округі, Саудакеңт ауылы, Төле би көшесі, "Айбала ана" наубайханасының жанында | 620 | "Айбала ана" наубайханасы | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 12. | Досбол ауылдық округі, Досбол ауылы, Қ.Жұмаділов көшесі, №11 үйдің алдында | 220 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 13. | Тоғызкент ауылдық округі, Түгіскен ауылы, Т.Әубакіров көшесі, дәрігерлік амбулатория жанында | 420 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 14. | Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Р.Сәтенұлы көшесі, "Құрметті азаматтар" аллеясына қарама-қарсы бетте | " 270 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 15. | Игілік ауылдық округі, Игілік ауылы, Ж.Жұмабеков көшесі, "Мади" азық-түлік дүкенінің жанында | 200 | "Мади" азық-түлік дүкені | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 16. | Жайылма ауылдық округі, Жайылма ауылы, А.Әшімов көшесі, "Казпочта" АҚ ғимаратының жанында | " 350 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| | Қамқалы ауылдық округі, Шығанақ ауылы | | | | |

| | | | | | |
|-----|--|-----|-----|---|---|
| 17. | , Сарыарқа көшесінің бойында | 180 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 18. | Жаңаарық ауылдық округі, Ұ.Сыздықбаев ауылы, Ж.Момынов және Р.Қабылұлы көшелерінің қиылысында | 250 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |
| 19 | Түркістан ауылдық округі, Ө.Бүркітбаев ауылы, Қ.Қосымбеков көшесі, "Ардагерлер аллеясы" саябағының қасында | 200 | жоқ | азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату | 5 |